

СЦЕНАРИЙ:

Сцена 1: Үй

Қыз үй жинап жүр. Сөрелердің арасынан ескі фотоальбом тауып алады. Қыз үстелге отырып, парақтай бастайды. Кейін бір суретке қарайды.

Суретте – жас жігіт (қолында ашық кітап, атаның жас кезі), қасында қыз (болашақ әже), фон артында домбыра ілулі, ескі көрпешелер және т.б.

Нұргүл: – Әдемі, бірақ көне екен. Бұл... менің әжем сияқты. Ал қасындағы кісі?..(кішкене ойланып)

Әже: – Қызым, үй жинап болдың ба, жүр шәй ішейік!

Нұргүл (суретті көрсетіп): – Әже... бұл кімдер? Мына жігіт... ата ма?

Әже(қасына келіп): – Иә. Бұл – сенің атаң. Ал бұл мен...

Нұргүл:-Атаның алдында кітаптар мен парақтар өте көп екен. Бұрында жазушы болған ба?

Әже (жымиып): – Жоқ, жазушы емес. Бірақ жазғаны жазушыдан көп, оқыған кітаптары кітапханаларданда көп еді.

Нұргүл: – Ол қандай адам еді? Не жазды? Қандай тақырыптар қозғады?

Әже (кішкене ойланып): – Сенің атаң — тек сөз жазып қойған адам емес еді. Ол ел аралап, ауыл ақсақалдарынан ұмытылған жыр, дәстүр, ырым, тыйым – бәрін жинады. Қойын дәптері қалың болатын. Кейде түн ортасына дейін шырақпен жаза беретін...

Нұргүл: – Ол... сонда этнограф сияқты ма?

Әже: – Иә. Бірақ ешбір ғылыми атағы болған жоқ. Себебі ол жазған дүниелер кеңеске ұнамады. "Ұлтшыл", "дәстүршіл", "артқа тартады" деді.

Нұргүл: – Ата қатты қиналған шығар?

Әже: – Көп қиналды. Кейде түнімен көз ілмей отырып, таң атқанда ғана терең күрсініп: “Мейлі, бүгін болмаса, ертең оқиды” дейтін. Жазуын тоқтатқан жоқ. Бірақ... сол үшін жер аударылды.

Нұргүл (шошып):– Жер аударылды?

Әже: – Солай. Өзі кінәлі болмаса да, шындықты жазғаны үшін айыпталды. Марқұм атаң маған бір өсиет іс тапсырды.

Нұргүл: – Не нәрсе?..

Әже:- Уақыты келгенде саған айтамын...

Бөлмеде үнсіздік орнайды. Шәй қайнаған даусы естіледі.

Әже: Сен барып шәйінді іше бер, мен казір келемін.

Әже басқа бөлмеге кіріп кетеді.

Сцена 2: Үй

Әже ақырын есікті жауып, терең күрсініп, бұрыштағы ескі сандыққа жақындайды. Шаң басқан сандықтың үстін қолымен сүртіп, баяу ашады. Ішінен орамалға оралған қобдиша шығарады. Әже қобдишаны қолына алып, бір сәт тоқтайды. Қолымен сипалап:

Әже (сыбырлап): – Қалижан... Немеремізге осы хатты беретін уақыт жеткен сияқты...

Әженің қолы дірілдей бастайды. Көзіне жас келеді.

Әже (көз жасын сүртіп): – Мен уәдемді орындап келемін, Қалижан. Уақыты келді...

Камера жоғарыдан көрсетеді: әже үстел басында, қобдишаның қасында, көзін жұмып отыр. Жарық біртіндеп бәсеңдейді. 2 жыл өткен соң

Сцена 3: Үй

Далада жаңбыр жауып, күн күркіреп тұр. Әже төсекте ауырып жатыр. Қасына Нұргүл бөлмеге кіріп келеді.

Нұргүл: - Әже, сіз ауырып қалғансыз ба ? Кеше ғана сап-сау жүр едіңіз ғой.

Әже: -Қызым, өмір бергенін алады ғой.

Нұргүл: -Әже олай деменіз, әлі тез сауығып кетесіз.

Әже: - Маған барып сандықтың ішіндегі қобдишаны әкеп берші. Атаңның маған қалдырған өсиетін саған айтайын.

Нұргүл қобдишаны әкеп береді.

Әже (қобдишаны қолына алып): – Осы қобдиша... Жылдар бойы менде жатты. Бұл – сенің атаңнан қалған аманат. Атаң бір күні: "Егер немереміз болса, ол 16-ға жетсе, осыны бер. Өз жолымды жалғастыра алса – арманым орындалар еді" – деді. Атаңның жүрегінде үміт болды. "Жарық сәнсе де, шырақ жанар" деді. Ал сен сол шырақсың, қызым. Мына қобдиша енді сенікі ала ғой.

Нұргүл қобдишаны қолына алады. Қолының дірілі байқалады. Ашып қарайды. Ішінде: сарғайған хаттар, жазбалар, мақалалар, сызбалар, суреттер. Бір парақты оқи бастайды:

- Қызым, қазақ халқының ұлттық мәдениетін және дәстүрін зерттеу аса маңызды. Бұл әр қазақ азаматының ізгілікті борышы. Егер сен осы хатты оқып отырсаң, қобдиша ішіндегі ақпараттарды алып ғылыми жоба жаз. Мен саған сенемін. Егер дәстүрге қызықпасаң, амал қанша барлығы өз еркінде

Нұргүл (көзіне жас алып): – Ата, мені осы дәстүрді зерттегенімді қалайды ма?

Әже: – Дәл солай, қызым

Нұргүл: – Әже, мен қорқамын. Бәрін жалғыз көтере аламын ба?

Әже: – Батырлық – қорықпау емес, қорықса да тоқтамау. Атаң сені көрмей кетті, бірақ ол осы күнді күткен. Егер қаламасаң, ерік өзінде..

Нұргүл: – Жоқ әже, мен осы істі қолға аламын. Атамның маған артқан үмітін ақтаймын.

Әже: Мен қайда болсамда сенімен біргемін.

Камера екеуінің жылап, құшақтасып тұрғанын көрсетеді.

Сцена 4:

Қыз ескі материалдарды зерттеп, мақалалар жазады. Осы процессті ұзақ қылып көрсету қажет. Олармен жергілікті газеттерге хат жолдайды. Алайда бірнеше рет бас тартылады.

Экранда қатар көрсетіледі: "Өкінішке қарай, мақаланы жариялай алмаймыз" / "Редакция бас тартты" / "Сәйкес емес тақырып".

Нұргүл: – Тағы да бас тарту. Тағы да үнсіздік. Мүмкін, мен дұрыс жолда емеспін...

Ноутбугын жауып, терезеге қарап ұзақ отырады.

Нұргүл: – Мүмкін мен математика саласына кетуім керек шығар. Онда бәрі нақты. Есеп бар – шешімі бар. Дәстүр ғылыми жоба жасаудан шаршадым әрдайым жоқ деген жауап аламын. Атамның үмітін ақтай алмай қаламын ба деп қорқамын.

Нұргүл ұйықтап кетеді. Переход Үстел үстінде ата-әжесінің суреті мен хатты көрстеді.

Сцена 5: Үй

Қыз түсінде Әжесін көреді.

Әже (жымиып): – Шаршама, айналайын. Жолың ауыр, бірақ жалғыз емессің. Қобдишадағы соңғы хат – саған бағыт. Іздеп көр, табасың. Мен саған сенемін.

Қыз оянып, терезеден қараса, күн атқан. Ол бірден қобдишаны ақтарып, хаттардың арасынан бір хатты бөлек байқайды.

Сцена 6: Үй

Қыз хаттағы есімді Google-дан іздеп, белгілі бір ғалым-профессордың байланысын табады. Электронды хат жазады.

"Сәлеметсіз бе, мен Қалижан Қайратұлының немересімін. Қазір оның еңбектерін жалғастырып жатырмын. Маған сіздің көмегіңіз қажет."

Бірнеше сағаттан кейін жауап келеді:

"Қалижан – менің ұстазым еді. Оның еңбегі ұмытылуға тиіс емес. Қуана көмектесемін. Ия айта бер, қандай көмегім қажет"

Камера қыздың қуанышын көрсетеді. Ол профессормен Zoom арқылы сөйлеседі

Нұргүл: Сәлеметсіз бе, сізді көргеніме өте қатты қуаныштымын.

Профессор: Сәлем, менде. Қалижан ата менің профессорым болған, маған әрдайым бағыт-бағдар беріп отыратын. Ендігі менің парызым саған көмектесу.

Қазақ халқының дәстүрі мен мәдениетін зерттеу өте қиын жол, оны әр адам зерттей бермейді. Сенің батылдығыңа тәнті болып отырмын.

Нұргүл: Атамның бастаған жолын мен аяқтаймын деп шіштім. Бірақ, қаншама еңбек етсемде нәтиже бермей жатыр. Журнал, мақала шығарушылар менің жұмысымды қабылдамай жатыр. Бұл мәселені қалай шешсем болады?

Профессор: Бұл мәселенің басты шешімі дәстүрімізді жаңа технологиялар арқылы дәріптеу. Заман талабына қарай жұмыс жасау қажет. Жазған ғылыми жоба бойынша сайт жасап, ғаламтор желісіне жариялап көрейік. Сәтті болатынына сенімдімін.

Нұргүл: Бұл өте күшті идея ғой. Жақсы осы жұмысты қолға алайын.

Сайт жасауға кіріседі. Процессті ұзақ көрсету, талқылау и т.д.

Сцена 7:

Ішкі көрініс. Қыз бөлмесінде. Түн. Терезеден ай сәулесі түсіп тұр. Қыз ноутбук алдында отырады. Пошта жәшігіне жаңа хат түседі.

Хат тақырыбы: “UNESCO – Растау және алғыс хат”

Қыз хатты ашып, оқи бастайды. Камера хат мәтінін кадрға толық шығарады.

Құрметті ____ Нұргүл ____!

ЮНЕСКО-ның Мәдени Мұраларды Қорғау Комитеті Сіздің ұсынған жобалық материалдарыңызды қарап, оларды ерекше ғылыми және тарихи құндылығы бар мұра ретінде мойындап, қорғауға алатынын қуанышпен хабарлайды.

Сіздің ғылыми ізденісіңіз, тарихи әділеттілік үшін атқарған еңбегіңіз – болашақ ұрпақ үшін өлшеусіз үлес. Қалижан Қайратұлының еңбектерін қайта жаңғырту арқылы сіз ұлттық санаға үлкен үлес қостыңыз.

Алғысымыз шексіз. Құрметпен, UNESCO Мәдени мұралар басқармасы.

Қыз хатты оқып жатып көзіне жас алады. Терең дем алып, күлімдейді.

Қыз : Алақай, еңбегім ақталды. – Ата... естідіңіз бе? Біздің дәстүр туралы жобамыз халықаралық ұйыммен қорғалуға алынды. Енді мені мақтан тұтытын шығарсыздар. Өттең қасымды болсаңыздар ғой. (суретке қарап)